

UNIQUM

KAZAKHSTAN YOUTH MAGAZINE

№18 (64)
ЯНВАРЬ | ФЕВРАЛЬ

ТОМИРИС
ФИЛЬМІНІҢ ӘСЕРІНЕН КЕЙІН
ЕЛІСТЕГЕН ТАРХИ САХНАЛАРҒЫ
АРТ ТҮРІНДЕ САЛД ОҢЫНДА БАР





Лига Волонтеров при Satbayev University - Отделение ОФ «Лига Волонтеров» университета – организация единомышленников, объединенных желанием помогать и делать этот мир чуточку добрее.

В Satbayev University общество принимает участие в социально значимых кампаниях: распространяет информацию о социальных проблемах, проводит общественные акции, организует семинары и мастер-классы, а также иницируют молодежные проекты и мероприятия для развития движения волонтерства.

@league_volunteers



UNIQUM^{SU}

**|| ЗНАНИЙ НЕДОСТАТОЧНО, ||
ТЫ ДОЛЖЕН ПРИМЕНЯТЬ ИХ. ЖЕЛАНИЙ
НЕДОСТАТОЧНО, ТЫ ДОЛЖЕН ДЕЛАТЬ.**

Брюс Ли



НАД НОМЕРОМ РАБОТАЛИ:



Редактор каз. яз.
Айман СУЛЕЙМЕНОВА
Редактор рус. яз.
Ляззат СЕРАЛИНА



Журналист
Мерей КОСЫН



Фотографы
Елена ПАПЭ
Дамир ТАИРОВ



Дизайн и верстка
Берик СУХАНОВ



Печатное издание **UNIQUM™** зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания №17030-Ж от 10.04.2018 г. Дата и номер первичной постановки на учет №13494-Ж, 02.04.2013 г. Выпуск №18 (64) январь – февраль 2021 г. Отпечатано в типографии НАО «КазНИТУ им. К.И.Сатпаева».

Тираж 1200 экз. Распространяется бесплатно.

Адрес редакции: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Сатпаева, 22,
ГУК, каб. №616, тел.: 8 (727) 292 43 06

SU NATION

6

О своем окружении

10

Special Voice SU

SU HISTORY

14

Выпускники – наша гордость

LISTEN UP!

20

Ақиық ақынның туғанына
бір ғасыр

22

Мұзбалақ ұрпақтары

24

«Жеті жарғы» туралы жеті факт

SU SPORT

26

Тоғызқұмалақ

REAL TALK

28

Сколько праздников
у книги ?

ALL EYES ON ME

30

«Томирис» фильмінің әсерінен кейін
елестеген тарихи сахналарды арт
түрінде салу ойымда бар»

ART&FACT

44

6 books about perception of the world
through senses

ART&FACT

SALVADOR DALI 46

Д. Кшибеков

Академик НАН РК, Главный консультант Центра исторического наследия ДСВ

О своем окружении



В 1946 году я – студент Кзыл-Ординского Госпединститута. После службы в армии ходил в военной форме и среди студентов выглядел более старшим. В институте преподаватель математики Асан Дабысович Тайманов заметил меня и однажды, а это было в июне, поздравил меня. Я поинтересовался: «С чем?» Он отвечает: «Как же! У нас создана Академия наук. Ее президентом стал академик К.И. Сатпаев, замечательный человек». Я принял его поздравления. Хотя в то время не особенно понимал значения этого большого для нас события, но поддержал его радость. Потом он рассказал мне о Каныше Имантаевиче Сатпаеве.

В 1945 году А.Д. Тайманов в Москве защищал диссертацию на степень кандидата физико-математических наук. Вдруг в зале совета заметил незнакомого солидного человека. В те годы о предстоящей защите диссертации сообщала газета «Вечерняя Москва». Защита была открытая. После окончания защиты и оглашения результатов, этот незнакомый человек подошел к Асану Дабысовичу Тайманову и поздравил его с защитой. Оказывается, это был Каныш Сатпаев, председатель Казахского отделения АН СССР. Поинтересовался у Тайманова: Кто он? Откуда? Когда Асан Дабысович рассказал о себе, Каныш Имантаевич Сатпаев пригласил его работать в Казахстане. В результате А.Д. Тайманов оказался в Кзыл-Орде. Позже был избран академиком АН Казахстана, председателем Отделения физико-математических наук, членом Президиума АН Республики. В последние годы работал в Новосибирском отделении АН СССР, там и ушел из жизни.

После успешного окончания Кзыл-Ординского Госпединститута меня, как получившего диплом с отличием, оставили в Институте преподавателем философии. В 1947 году женился на Менешевой Еркин Утешевне, учительнице школы. У нас родился первенец – Айдар. В июле 1949 года в газете «Казахстанская правда» заметил объявление от АН Казахстана о приеме в аспирантуру по разным специальностям. Среди них было одно место по философии. Хотя я год читал лекции по философии по брошюрам, прочитанными профессорами в Москве, я понял, чтобы овладеть курсом, надо посоветоваться со своей супругой. Потом во время отпуска поехал в Алма-ату и подал заявление в аспирантуру. Было три претендента на одно место. Я выдержал, поскольку уже год преподавал.

После поступления в аспирантуру АН Республики меня пригласил на прием К.И. Сатпаев. Тогда я увидел его впервые. Во время беседы понял, какой он большой, мудрый человек. К.И. Сатпаев беседовал со мной как равный с равным. Спрашивал кто я, откуда, о моем семейном положении. Потом объяснил, что «буду учиться в Москве, в Институте философии АН СССР, получая стипендию 780 рублей от нас. В Москве со мною будут учиться и другие аспиранты. Посещайте музеи, театры, но не теряйте время. Я надеюсь на вас, что вернетесь кандидатом наук». Так он напутствовал нас. Сказал, что будет интересоваться нашей учебой, когда буду в Москве. Действительно, все было так. Бывая в Москве, он приглашал нас к себе в номер гостиницы «Москва», за чаем спрашивал и говорил: «Если вам нужна помощь, не стесняйтесь, говорите».

В период моей учебы в аспирантуре президентом АН Казахстана стал Д.А. Кунаев, который также следил за нашей учебой. В апреле 1953 года я приехал в Алма-ату после защиты кандидатской диссертации. В Академии наук мне поручили работать с аспирантами, читать им лекции по философии и проводить семинарские занятия. В те годы подготовка аспирантов проводилась лишь в Академии наук Республики Казахстана. Одновременно, будучи сотрудником, занимался научной работой.

В 1964 году ЦК Компартии Казахстана направил меня в Казахский политехнический институт, ныне Казахский Национальный Исследовательский Технический Университет им. К. Сатпаева. Здесь 32 года (1964–1996) заведовал кафедрой философии на общественных началах, был редактором многотиражной газеты «За инженерные кадры», членом парткома. Будучи секретарем парткома в 1969–1970 годах в университете провел два важных мероприятия. Первое: был разработан «Единый перспективный План» политико-воспитательной работы, рассчитанный на весь период обучения, положительно отмеченный на Всесоюзном Совещании заведующих кафедрами общественных наук. В разработке плана участвовали все деканы, секретарь комитета комсомола, а также мой предшественник в парткоме М.Е. Медведев, У.А. Джолдасбеков, Х.Р. Казыханов и М.Г. Мильграм. По этому плану в Университете выступали выдающиеся ученые, писатели, Герои Советского союза – Сабит Муканов, Талгат Бигельдинов, Нұрғиса Тілендиев со своим оркестром, писатели, деятели культуры. Второе: по инициативе парткома был создан студенческий вокальный музыкально-инструментальный ансамбль «Досмукасан». Чтобы приобрести инструменты из Чехословакии, нужны были доллары. Как секретарь парткома сумел найти спонсора в лице Текелийского комбината, который обменял 20 тысяч долларов

на 20 тысяч рублей?! Получив согласие министра Высшего образования СССР В.П. Елютина, выписали из Чехословакии музыкальные инструменты. Так появился знаменитый ансамбль «Досмукасан». При мне партком организовал прием студентов для обучения из Кубы (острова Свободы). Кроме того, после развала колониальной системы многие преподаватели по решению ООН выехали в страны Азии и Африки на практическую работу.

Работая 56 лет в КазНУ им. К. Сатпаева, я защитил докторскую диссертацию, потом стал профессором, был избран член-корреспондентом, затем академиком АН Республики. Президиум Верховного совета Казахской ССР присвоил почетное звание «Заслуженный работник высшей школы», награждался орденами «Дружба народов» «Құрмет», многими медалями, в том числе «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов», «Академика С.И. Вавилова», знаком «Почетный гражданин Шиелийского района» Кзыл-Ординской области.

По линии Всесоюзного общества «Знание», как член Правления, читал лекции внутри Республики и Союза в целом, во многих зарубежных странах. Выступал перед большими аудиториями в Тюмени, Владивостоке (РСФСР), Ужгороде (Закарпатье, УССР), в Турции, Египте, Алжире, Италии, во Франции, США, Японии. Особенно запомнилась поездка в Японию в 1978 году. Нашу казахстанскую делегацию возили по всей стране. В Хиросимском университете после моей лекции о Казахстане, о традициях казахского народа меня принял в своем кабинете ректор вуза Шукей Кумamoto (*dr. Chykei Kumamoto*).

За зеленым японским чаем шла полуторачасовая беседа. Шукей Кумamoto говорил, что японцы и казахи – дальние родственники. Японцы когда-то вышли из Западной Сибири. Только язык – другой, но внешне мы ближе к вам, чем к корейцам или

китайцам. Нас интересует наша далекая история. Потом он показал мне стрелы, уздечку, подковы, найденные археологами университета на Северном Иолне, ближе к границам Советского Союза.

Эти находки – наше далекое прошлое. Да, для нас, казахов, интересно знать, как и когда тюрки через Чукотку, Аляску попали на Камчатку, Сахалин, через Курильские острова, которые носят тюркские слова, в Японию. Все началось с приручения лошади, с освоения металла.

Для меня памятно мое выступление с трибуны Большого Кремлевского дворца на Всесоюзном совещании заведующих кафедрами общественных наук СССР, лекции, прочитанные мною в институте Атомной энергии имени И.В. Курчатова (60 минут), беседа в Капитолии (США) с сенатором мистером Хоу в его кабинете (45 минут). Я автор более 900 публикаций (учебников, книг, монографий, статей).

Всегда на своем жизненном пути ощущал добрую поддержку хороших людей. С теплом вспоминаю своих учителей: в начальной русской школе поселка Шиели – Веру Александровну Смолееву, в средней казахской школе – Амину Магдееву, в лётном училище – командира звена лейтенанта В.А. Тикунова, в Кзыл-Ординском Госпединституте – А.Х. Темирбекова (замдиректора по учебной работе), в аспирантуре – Е.А. Дунлеву, при написании докторской диссертации – Г.Е. Глевермана), в практической работе – К.И. Сатпаева, президента АН Республики, лауреата Ленинской премии, Д.А. Кунаева трижды Героя Социалистического труда и других.

Я благодарен за тесное общение по работе академику, лауреату Ленинской премии Шахмардану Есеновичу Есену, академику Умирбеку Арыслановичу Джолдасбекову, профессору Ахмету Ержановичу Ержанову. Рад, что мир полон добрыми людьми. К.И. Сатпаев так подбирал кадры для Академии наук, выращивая их даже поштучно, начиная с аспирантов. Среди них Ш.Е. Есенов, Е.А. Букетов, У.А. Байконуров, М.А. Айтхожин. Кадры не сами появляются. Их выращивают. Главное – вовремя их заметить и направить на верный путь.





Мерей Қосын
Журналист

SPECIAL VOICE SU

*Егемен еліміз қазақ,
Дөңгеленген жеріміз ғажайап!
Тамаша тойыңды жасап,
Жайнай бер, жасай бер, Жаңа жыл!
Жаңа жыл келді, Жаңа жыл келді,
Еліме сәлемін берді!
Гүлденеді, түрленеді қала,
Қуанды бала, қуанды ана!*

Ия, музыкамен қуанды қала, қуанды дала! Жаңа жылымызды бұндай дәстүрлі мерекелік әндерсіз елестете алмаймыз. Ән-күй – адамды бір ізгілікке баулып, шабыттандыратын, ертеңнен ерекше үміт күттіретін өнер ғой. Ал біздің университетіміздің студенттері Жаңа жыл қарсаңында осындай мерекелік әндермен әлеуметтік желілерде қызу жарысқа түсіп жатты. Өйткені Студенттік шығармашылық орталығы мен Жастар ісі жөніндегі комитет бірлесе отырып, «Special Voice SU» атты ән байқауын ұйымдастырған болатын. Байқау онлайн түрде 26–31 желтоқсан аралығында өтті. Байқаудың негізгі мақсаты – университетте шығармашылық ізденісте жүрген студенттерге қолдау көрсету, әсіресе музыка өнеріне қызығушылығы бар жастарды ынталандыру еді. Байқаудың бір ерекшелігі – қатысушылар тек қана 1–4-курс аралығындағы студенттермен шектеліп қоймай, сонымен қатар магистранттар мен докторанттар да байқауға қатысуға мүмкіндік алды.

Берілген негізгі ереже бойынша қатысушылар өзінің орындауындағы әнін видео түрінде өздерінің жеке Instagram парақшаларында #SpecialVoiceSU деген хэштегпен жариялауы керек болатын. Байқауға қатысуға барлығы он екі жұмыс келіп түскен. Қатысушылар Жаңа жыл туралы әлемдік және отандық «Let it snow» (Frank Sinatra),

«Snowman» (Sia), «Жаңа жыл» (KeshYou) сияқты көпшілікке кеңінен танымал әндерді орындады.

Белсенді жастар қатарын көбейту, шығармашыл тұлғалардың қалыптасуына жағдай жасау – бұл байқаудың негізгі міндеттері. Өрине, кез келген оқу орны өз студенттерінің шығармашылық ойлау жүйесін кеңейту үшін, ғылымда табысты болуы үшін өнерді ерекше құрал ретінде мүмкіндігінше пайдалануға тырысады. Сондықтан да бізде жыл бойы үнемі әртүрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Тіпті барлық өміріміз онлайнға көшкен уақытта да университеттегі белсенді шығармашылық ұйымдардың еңбегінің арқасында бұл жұмыс тоқтаған жоқ. Жаңа форматта өткен аталмыш байқау университетіміздегі жас таланттардың жаңа есімдерін танытуға тағы бір мүмкіндік берді.

Сонымен, кімдер озып шықты?

1-орын:

«Математикалық экономика және деректерді талдау» мамандығының студенті –

Колесников Артем Андреевич;

2-орын:

«Архитектура» мамандығының студенті –
Тен Зарина Александровна;

3-орын:

«Энергетика» мамандығының студенті –
Ғабыл-Манапова Фарица.

Сондай-ақ бірнеше студенттер ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Олар:

- *Сәкенқызы Ақбала*
- *Абдыхаимова Елдана Болатқызы*
- *Саматова Анел Саматқызы*
- *Нурабекова Айзере*
- *Увалиева Әдемі Ермекқызы*
- *Беренбай Анар Қанатқызы*

Байқау ережесіне сай жеңімпаз студенттер қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Бұл, әрине, енді ғана өсіп, өнерге қызығушылық танытып келе жатқан жастарымыз үшін ерекше жігерлендіру болғаны анық. Біз де жеңімпаздарды журналымыздың атынан құттықтаймыз!

Байқау жеңімпаздарының бірі Фариза Ғабыл-Манаповамен хабарласып, байқаудан алған әсері, шығармашылығы туралы сөйлескен едік.

Фариза Ғабыл-Манапова:

– Құттықтауыңызға үлкен рахмет! Special voice SU байқауынан жүлделі орын алғанымды алғаш Instagram желісінен көрген кезде өте қуандым. Себебі бұл байқаудың қатысушылары өте талантты болды, солардың ішінен топ жарып, жүлделі орынға ие болу – мен үшін үлкен жетістік. Негізі өзім энергетика мамандығының 2-курс студентімін. Мамандығым өзіме ұнайды, қызықты нәрселер өте көп. Жалпы өз басым шығармашылыққа көп көңіл бөлемін. Бос уақытымда домбыра тартып, гитарамен ән айтқанды жаным сүйеді. Одан бөлек баскетбол ойнағанды және футбол ойындарын қарағанды ұнатамын. Қазіргі таңда музыкаға көп уақыт табу оңай емес, себебі бірінші орында оқу тұр. Десек те, сабақтан тыс уақытта университетіміздің өнер студиясында гитара тартып, ән айтамын және оркестрге де қатысамын. Студенттер бос уақыттарын осылай пайдалы өткізуіне көмектесіп жүрген Студенттік шығармашылық орталығына және оның көркемдік жетекшісі Жамбыл Гиниятовичке үлкен алғысымды білдіремін.



Из архива Центра исторического наследия

ВЫПУСКНИКИ – НАША ГОРДОСТЬ

В преддверии 100-летия со дня рождения (12 декабря 1921 г.) выпускника второго выпуска инженеров-металлургов Казахского горно-металлургического института, известного ученого и педагога, доцента КазПТИ Турсына Омаровича Салибаева. Воспоминаниями о своем друге делится ветеран Политеха, один из реальных создателей Высшей школы Казахстана Муштай Батырбекович Батырбеков.





Турсунбек Омарович Салибаев родился 29 декабря 1921 года, в г. Янги-Юль Ташкентской области. Он закончил второй выпуск инженеров-металлургов Казахского горно-металлургического института, 1941 год.

По окончании института был призван на службу в ряды Советской армии, где продолжил учебу в Высшей военной академии химической защиты им. К.Е. Ворошилова. После академии служил в авиационных частях Северо-Западного фронта. Встретил победу в Великой Отечественной в звании майора авиации.

Война оставляет не только шрамы. Никогда не думал капитан королевской авиации Джеймс Клинт встретить своего коллегу – советского летчика Турсуна Омаровича Салибаева, с которым вместе прикрывал от фашисткой авиации военный транспорт близ Архангельска. Но такая встреча произошла через четверть века, и тоже в небе, когда Турсун Омарович Салибаев, теперь уже известный ученый и педагог, доцент Казахского политехнического института, возвращался из заграничной поездки.

В.В. Владимиров, Родные ветры вслед... Алма-Ата, Казахстан, 1973 год.



Байырбеков М.Б., Нысамбай Г., Кшибеков Д.К., Салибаев Т.О.

После войны Турсунбек Омарович Салибаев работал главным инженером, директором на горнорудных предприятиях Восточного Казахстана. В 1954 году защитил кандидатскую диссертацию под руководством академика В.Д. Пономарева. С 1954 по 1960 год заведовал кафедрой физической химии в Казахском химико-технологическом институте, ныне Южно-Казахстанский государственный технический университет.

Своими воспоминаниями делится выпускник КазПТИ, профессор Казахского национального технического университета им. К.И. Сатпаева Муштай Батырбекович Батырбеков:

У меня на первом курсе Политеха был замечательный преподаватель – Турсун Омарович Салибаев. Великолепный педагог, талантливый ученый и просто хороший человек. Встреча с такими людьми – это подарок судьбы. Прошло 20 лет, как я окончил политехнический институт и не помню ни одного преподавателя по имени-отчеству, кроме него. Он давал самое лучшее знание. Знание жизни. Одно из его любимых высказываний я запомнил на всю жизнь. Цитирую:

«Лишние знания мешают. Не надо знать расстоя-

ние от Лондона до Парижа, теорему Ферма или «Слово о полку Игореве». Это только засоряет мозги. Достаточно знать, где находится полка, на которой лежит справочник или первоисточник».

Замечательный был человек.

Принимал активное участие в создании Высшей школы республики, в развитии КазПТИ, активно участвовал в становлении молодых инженерных кадров. Известный вдохновитель, инициатор и промоутер вокально-инструментального ансамбля «Дос-Мукасан». Они даже посвятили ему песню «Турсеке». С особой теплотой вспоминают Дос-Мукасановцы Турсуна Омаровича, который очень хорошо чувствовал музыку и разбирался в ней. У них семья, можно сказать, музыкальная: он – родной брат народной артистки КазССР Жамал Омаровой.

Турсун Омарович в период становления ансамбля «Дос-Мукасан» все время находился возле ребят, вместе переживал, вместе радовался, и как опытный человек, понимающий музыку, помогал им в составлении репертуара и многих других делах.

КазНТУ – 70 лет



Корпус КазПТИ





Enactus – международная организация лидеров бизнеса и студентов, реализующих бизнес-проекты. Проектные команды Enactus создаются на базе университетов. Команды разрабатывают и реализуют собственные проекты, направленные на решение экономических, социальных и экологических задач.

Ежегодно в мире проекты Enactus охватывают более 2 млн человек.

Тематика проектов Enactus включает все 17 направлений «Повестки дня в области устойчивого развития до 2030 года», принятой ООН.

Реализуя проекты, студенты Enactus получают практический опыт, развивают деловые и лидерские качества.

Результаты успешно завершенных проектов команды представляют на ежегодных конкурсах Enactus: Региональных, Национальных, Мировом.

Проекты команд оценивает жюри – топ-менеджеры национальных и международных компаний.

Команда, ставшая национальным чемпионом, получает право участвовать в престижном Мировом Кубке Enactus World Cup.

@enactus.su

Мерей Қосын
Журналист

АҚИЫҚ АҚЫННЫҢ ТУҒАНЫНА БІР ҒАСЫР



*«...Күні киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып, өзіне қайтарамын», –*

деген қазақтың қара өлеңінің иесі Мұқағали Мақатаевтың туғанына биыл 100 жыл толып отыр. Тура бір ғасыр өтсе де, оның өлеңдері әлі өзекті, әлі жанымыздың күйін шертеді, оқыған сайын оның поэзиясы әлі де мың жылдар бойы өз халқымен бірге өмір сүре беретініне сенесің. Мұндай ғажайып махаббатқа ие болу – жай ғана ақын болудан да биік тұғыр сияқты. Қазақтың өзіндей қарапайым оның өлеңдері ұлттың тамырын дәл басып, жанына тиетіндіктен де, біз оны әлі оқимыз. Ол уақыттың өзінен асып туылған ақиық ақын. Жыл сайын ақпан айы оның мерекелік кештерімен толып, оның поэзиясы бүкіл бұрыш-бұрышты аралайды. Сөйте тұра біз оны оқудан еш жалыққан емеспіз. Біз оны қайта-қайта еске түсіргіміз келеді, қайта-қайта оқығымыз келеді. Өйткені бұл – қарапайым қазақтың қара өлеңінің құдіреті.

Мұқағали Мақатаев кім дегенде, біздің есімізге ең алғаш түсетін тіркестер – Мұқағали қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, ақиық ақыны... сияқты басқа бірде-бір ақынға қосылып айтылмайтын ерекше теңеулер тізіліп кете береді. Бірақ біз оның өлеңдерін өмірбаянымен ұштастырып қарағанда ғана оны тереңірек тани бастайтынымыз анық.

М. Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Азан шақырып қойылған аты – Мұхаметқали. Әкесі



қарапайым шаруа адамы болған. Мұқағали үйдің тұңғышы, оның артынан бір қыз және үш ұл туған. Ақынның қарындасы мен алғашқы інісі ерте көз жұмған. Соңғыларының есімдері – Тоқтарбай мен Көрпеш. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің алғашқы баласы ата-әжесінен тәрбие алуы тиіс, сондықтан Мұқағали әжесі Тиынның қолында өсіп, анасын жеңгесіндей қабылдайды. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татады. Мұқағалидың әкесі 1941 жылы Калининград майданында қаза табады.

Ауылдағы орта мектепті 1948 жылы бітіріп, ол өз ауылында комсомол, кеңес қызметтерінде болған. Кейін аудандық газетте әдеби қызметкер, Қазақ радиосында диктор болған.

Мұнан соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің (1962–1963), «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») (1963–1965), «Жұлдыз» (1965–1972) журналдарының редакциясында, Қазақстан Жазушылар одағында (1972–1973) қызмет атқарады.

Мұқағали Алматыдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің қаймақтары шоғырланған ортада өткізген аз ғана жылдар ішінде өзіндік дара үнін, суреткерлік қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектене білді. «Ильич» (1964), «Армысыңдар, достар» (1966), «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр» (1970), «Аққулар ұйықтағанда» (1973), «Шуағым менің» (1975) атты жыр жинақтарын көзінің тірісінде жариялап үлгерді. Мұқағали поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры – туған елі, өскен жері, Отан тағдыры, замана тынысы, замандастарының арман аңсары. Осының бәрін Мұқағали жас дарынға тән қайталанбас шеберлікпен, тәңірдің таңдайынан төгілгендей поэтикалық мінсіз үйлесіммен, әр жүрекпен тіл табысар сыршыл да шыншыл

сезіммен, нағыз поэзияға ғана тән бейнелі образдармен бедерлеп, өлмес өнер деңгейінде туында-тып отырған.

Ақынның тұңғыш өлеңдері «Қырман басын-да», «Қойшы бала – Әкітай» аудандық «Советтік шекара» газетінде жарияланды (1949). «Інімнің ойы», «Шебер» өлеңдері «Жастық жыры» атты жинаққа енді (1951). Мұқағали талантын алғаш бағалаған Ә.Тәжібаев: «Өзіңнен де жігерлілеу, оттылау жас жеткіншек жеткенде, мақтанбасқа бола ма?!» деген еді («Қазақ әдебиеті», 1960).

Ақын туралы қызықты деректер:

1. Болашақ ақын ер мінезді әжесі Тиынның тәрбиесін көріп, аңыз-ертегілермен сусындап өседі. Ол өзінің анасы Нағиманды жеңгесі сияқты қабылдап, Нақа деп атап кеткен. Мұқағалидің азат ойлы, ашық пікірлі болуына әжесінің тәрбиесі ықпал етті.

2. Мұқағали Мақатаев 14-15 жасында ақын болуға біржола бел байлап, қазақ әдебиетімен бірге әлемнің барлық классиктерін бір деммен оқып шығады. Соның ішінде Гейне, Гете, Шекспир, Данте, Бальзак, Драйзер, Гюго, Байрон, Лондон сияқты классиктерді жоғары бағалайды. Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Құдіретті комедиасын» қазақшалады.

3. Ол өз заманындағы әрбір адамның қолы жете бермейтін бірнеше оқу орындарына жеке ізденісінің арқасында қабылданады. Алғашында ҚазМУ-дің филология факультетіне, содан кейін шет тілдер институтына, артынша ҚазМУ-дің заң факультетіне оқуға түседі. Жазушылар одағының жолдамасымен 1973 жылы Мәскеудің М.Горкий атындағы Әдебиет институтының студенті атанады.

4. Өмірдің қалтарыс-бұттарысын бала күнінен көріп өскен ақынның сана-сезімі, ақыл-ойы ерте жетіледі. Ол өзінің өмірлік жары Лашынға 18 жасында үйленеді. Ақынның алғашқы лирикалары осы кезде жазыла бастады.

5. Мұқағали Мақатаев еңбек жолын ауылдағы мектепте орыс тілі пәнінің мұғалімі болып бастады.

6. Оның талантты ақын екенін таныған Әбділдә Тәжібаев «Қазақ әдебиеті» газетінде ең алғаш рет бүкіл жұртқа жария етеді.

7. Мұқағали ауруға шалдығып, өмірінің аз бөлігі қалғанын дәрігерлерден біліп алады. Содан бар мүмкіндігін өлең жазуға арнап, 12 жылдың ішінде 8 жыр жинағы жарық көреді. Ақынның барлық тағдыры өзінің өлеңдерінде шынайы көрініс береді. Оның «Асығу керек, асығу керек қалайда! Уақыт саған қарай ма?!» деген өлеңі ауруға шалдыққан жылдары жазылған. Өмірге соншалықты ғашық болған ақын жаралы тәнімен қазақ халқына үлкен мұра қалдырды.

8. Ол жарты ғасырға жуық ғұмырында 1000-нан астам өлең, «Ильич», «Мавр», «Ақсулар ұйықтағанда», «Райымбек! Райымбек!», «Моцарт. Жан азасы» деген поэмалар жазды. «Құлпытас», «Марусяның тауы», «Өзгермепті», «Әже» әңгімелері мен «Қос қарлығаш», «Жыл құстары» повестерін, «Қош, махаббат» пьесасын жарыққа шығарды.

ҚАРА ӨЛЕҢ

*Қалқам,
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен,
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.
Жат жерді жастанғанда жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.
...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.
Түзу-түзу тілінген таспадайын,
Қамшы өремін таспадан басқадайын.
Қаламасаң қамшымды аулақ жүргін.
Қараша үйдің есігін аша, ағайын!
Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,
Аңызыма неге нәр тамызбайын.
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан ағызбайын.
Іздемпаздық менің де бар өнерім,
Будан жасап бидай мен тары егемін.
Қазан-миым бәрін де қайнатады.
Дара қойып қазақтың қара өлеңін.
Ақынмын деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.
...Күні киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жсауып, өзіне қайтарамын...*

Қымбат Лиманова

М. Мақатаев атындағы 1-ші республикалық
жас ақындар мұшайрасының 1 орын лауреаты.



Мұзбалақ ұрпақтары

Поэзияның мұзбалағы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев қысқа ғұмырында артына өшпес із, асыл мұра қалдырып кетті. Қара өлеңді шекпен жауып қайтарған ақынның жырлары лирикаға жақын болғандықтан оқыған жанды тебіrentпей қоймайды. Сая болатын жанына жырлары, бар қазаққа шабыт сыйлап таңдай қақтыратыны анық.



Талантына тәнті болып, ес білгелі Мұқағали жырларын жаттап, шамасына қарай шу-мақтардан өлең құрауды әдетке айналдырған ақынжанды Қымбат Лиманова М. Мақатаев атындағы 1-ші республикалық жас ақындар мұшайрасының 1 орын лауреаты. Ақынның 6 поэмасын, 350 жуық өлеңін жатқа біліп, Қарасаз ауылындағы мұражайда ертелі кеш келген қонақтарға ақынның құнды материалдарымен таныстырып, арасында жырларын оқып қызықтыра шығарып салатын. Мектепті бітіріп, кәсіби есепші болса да жылда 9 ақпанды ерекше күн ретінде күтіп алады. Оңашада қолына қалам алып, шабытын шыңдап, тіпті ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқығанды әдетке айналдырған. Ендігі мақсаты өсіп келе жатқан балаларына ақын жырларын насихаттап, М.Мақатаевтың балаларға арналған өлеңдерін жаттатуды бастаған. Қанша жерден есеп маманы болса да, ақын жырларына деген сүйіспеншілігі азайған емес, тіпті ақынның ауылына барып, Қарасуды жағалап, ақын жырларын бірінен соң бірін шабыттана оқу арманы екенін жасырмады. М.Мақатаев та жас отбасымен ауылын тастап зәулім қалаға келіп, қаланың күйбең тірлігінен шаршап, ауылға тартып кеткісі келетінін жасырған емес. Қаланың кереметі, бәрібір ауылдың самал желі мен таза ауасына, табиғи дәм тұзына жетпейтінін әлдеқашан айтып кеткен.

Ауылым

*Күлімдеп шыққан күнге тең
Туған жер байтақ гүл мекен
Өзіңдей жұмақ табам ба?
Дүние кезіп іздесем*

*Айнала таулар қоршаған
Оранған жасыл бақшаға
Қызылды жасыл кілемдей
Гүл жапқан қырат сай салам*

*Самалың қандай жып жылы
Маңдайдан анам өпкендей
Бұрқырар исі жусанның
Себелеп жаңбыр төккенде*

*Бабалар қаны тамған жер
Береке ырыс қонған жер
Мекенім Мұқағалидың
Жырына өзек болған жер*

*Құт мекен болған бабама
Сәуле боп сіңген санама
Парижың Қырым Кавказың
Түтініңнен садаға*

*Аяулы ыстық мекенім
Аялап сені өтемін
Мұқағали жырлаған
Елшенбүйрек етегін*

*Сүйетін дауыл жауынын
Жайлаған қайсар тау ұлы
Шарпыған жырдың жалыны
Осы менің ауылым*

Мерей Қосын

Журналист

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» ТУРАЛЫ ЖЕТІ ФАКТ

«Жеті жарғы» – қазақтың халық ауыз әдебиеті негізінде жеткен тарихи заңдық құжат. Ең қызығы – бұл құжат әдеттегі заң тілінде жазылмаған, мақал-мәтелдер, қанатты сөздермен берілген. «Жарғы» сөзі көне түрік тілінде «өмір, билік, заң» деген мағына береді. Бұл құжаттың авторы Тәуке хан (1678–1718) өзіне дейін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деген атпен белгілі тарихи заңдық ережелерге өзгеріс енгізген. Бұл заң жеті құқықтық жүйеден тұрады. Көшпелі қазақ өркениеті дәуірінде туған бұл заңдар жинағы белгілі бір деңгейде біздің бүгінгі заң туралы түсінігіміз бен оған деген қарым-қатынасымызды қалыптастырды. Осыған орай бұл құжат туралы жеті деректі беріп отырмыз.

Біздің қоғамдағы бұл құжатқа деген көзқарас әлі «басқалардікі»

XIX ғасырдың ортасына дейін дала заңы ретінде қолданылып келген бұл құжат туралы кеңестер дәуірінде «феодалдық қатынастардың сарқыншығы» деген көзқарас қалыптасып, мүлде зерттелмеген. Бұл көзқарас қаншалықты әділ? Біріншіден, құжаттың қабылданған уақыты ғылыми дерек бойынша 1680 жыл (Н.Өсерұлының нұсқасы) немесе 1684–1685 жылдар (С.Өзбекұлы нұсқасы) арасы. Салыстырмалы түрде алсақ, бүгінгі қолданыстағы адам құқығына қатысты заңдар адамзат тарихында ең алғаш рет батыста – 1789 жылы Франциядағы («Адам және азамат құқықтарының декларациясы») және 1776 жылы АҚШ-тағы («Тәуелсіздік декларациясы») заңдар негізінде қалыптасты. Сондықтан тарихи уақыт бізге бұл құжат қазақтың «мүшкіл руханиятының, не басқалардан артта қалған ақыл-ойының» белгісі емес екендігін анық көрсетеді. Бұл құжат жай ғана өз уақытында өзін жасаушы

елдің этикалық, құқықтық нормалары негізінде жазылған сол ұлттың дүниетанымының жемісі ғана. Әрине, сол кездегі әлемнің көптеген елдерін әлі өз құрсауында ұстап тұрған орта ғасырлық түсініктер бұл құжатта да көрініс тапқаны рас.

Сот жүйесі билер соты арқылы жүзеге асырылған

«Жеті жарғы» заң жүйесіне сәйкес сот билер соты арқылы өтетін. Қазақ қоғамында сот билігі хан билігінен жоғары тұрған. Билер сайланып не тағайындалып қойылмайтын, мұрагерлік жолмен де берілмейтін, тек далалық құқықтық заңдарды жетік меңгерген әділ, шешен адам болуы шарт еді. Сотта куәгерлерден жауап алу қарастырылған. Билер соты халықтың алдында ашық өткізілген, оған кез келген адам қатыса алатын болған.

«Жеті жарғы» адамдар арасындағы теңсіздік сана-сезімді күшейткен

Рас, бұл ережелер бойынша хан мен билердің пайдасына түрлі салықтар жинау заңдастырылған: «Сұлтандардан басқа қару асына алатын әрбір адам ханға және халық билеушілеріне жыл сайын өзінің мал-мүлкіне жиырмадан бір бөлік мөлшерінде салық төлеп отыратын болсын», – делінген. Бұл заң бойынша қоғамдағы жоғары топтардың артықшылық жағдайы, саяси үстемдігі қорғалған. Сондай-ақ әйелдер, қызметкерлер және құлдар сотта куәгер ретінде сөз сөйлей алмаған. Әрі қылмыскердің және өлген адамның әлеуметтік жағдайына байланысты төленетін құн мөлшері де өзгеріп отырған. Мысалы, өлген ер адамның құны 1 мың қой болса, әйел адамның құны 500 қой болған. Ал өлген адамның әлеуметтік жағдайы ақсүйек болса, құн мөлшері жеті есе өскен.

Өзіне дейінгі заңдардан ерекшелігі – өлім жазасын қайта қараған

Бұл заң жобасының өзіне дейінгілерден бір өзгешелігі – қатал кесім, қанды өлім жеңілдетілген. Мұндай жазалаулардың орнына құн төлеуді енгізген. Әрине, «құн төлеу» мәселесі Тәуке хан кезеңіне дейін де (Қасым хан, Есім хан заңдарында) болған, бірақ заңдық тұрғыдан жүйеленбеген. Сондықтан да ел арасында кек алу, араздасудың ақыры үнемі қантөгістерге әкелген. Бірақ «Жеті жарғы» бұл мәселені шешуге тырысқан, сөйтіп бұл елдегі бейбітшілік пен әділеттіліктің үстем болуына әсер еткен.

Дала заңы бойынша түрме болмаған

Ия, қазақ даласында заңдар болғанымен де, түрме болмады. Бірақ темір түрмелердің орнына моральдық түрмелер жұмыс жасады. Олар: елден қуылу, ұятқа қалу, қарабет болу

сияқты физикалық емес, рухани жазалар және мұндай жазалау түрі бәрінен де ауыр саналды. Мысалы, бір рудан ұры немесе кісі өлтіруші шықса, бұл тұтас сол рудың атына тағылған қылмыс сияқты есептелінген. Мұндай қатал қоғамдық көзқарас өз кезегінде ел арасындағы әділетсіз әрекеттердің, қылмыстардың орын алуына көбінде жол бермейтін. «Жеті жарғыдағы» құн төлеу мәселесі де түрме сияқты арнайы жазалау орындарының салынуын қажет етпеген. Ең қызығы – қазіргі көптеген өркениетті елдер түрме қылмыскердің өз қатесін түсінуіне, өзгеруіне көмектеспейтіндігін, тіпті түрме қоғамдағы қылмысты тоқтатуға, азайтуға соншалықты нәтижелі жол емес екендігін айтады. Әрине, бірақ бұл түрмесіз қоғам әділетті, бақытты өмір сүре алады деген сөз емес.

«Жеті жарғы» заңы қағаз бетіне түсірілмеген


Бізге «Жеті жарғы» орыс ғалымдарының жазбалары негізінде белгілі. Алғаш рет Г. Спасский деген орыс ғалымы Күбек Шүкіралиевтің мәліметтері негізінде «Жеті жарғының» 11 үзіндісін 1820 жылы «Сибирский вестник» баспасөзінің бетінде жариялады. «Жеті жарғының» екінші нұсқасы (34 үзінді) А. Левшиннің зерттеулерінде беріледі. Бұл нұсқалар «Жеті жарғы» дүниеге келгеннен кейін 100 жылдан соң халық ауыз әдебиеті негізінде жарияланды. Сондықтан бұл заңдар жинағының толық нұсқасы бізге жетпеген.

Жылына бір рет жиналуға міндеттеді

Осы заң негізінде қазақтың тайпа, ру басылары жылына бір рет жиналуға міндеттелді. «Күлтөбенің басында күнде жиын» деп аталып кеткен жиынға зиялы қауым мен сыйлы адамдар қатысқан. Бұл жиындарда мемлекеттің сыртқы және ішкі жағдайына байланысты мәселелер дауыс беру негізінде шешіліп отырған.

Сәтбаев Университеті Спорт клубының тоғызқұмалақ жаттықтырушысы,
Дене шынықтыру кафедрасының лекторы **Е.О. Джүашев**

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ





Соңғы деректерге қарағанда, тоғызқұмалақтың шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласында кеңінен тараған ойын түрі болатын. Тоғызқұмалақ – қазақтың ерте заманнан келе жатқан рухани, логикалық есептеу, ойлау өнері. Тоғызқұмалақты көшпенділердің алгебрасы деп те атайды. Бұл ойынның басты қасиеті – адамның ой-өрісін жетілдіруге, ақыл-ойын жақсы дамытуға көмектеседі. Ата-бабаларымыз жас жеткіншектердің күш-қабілетімен қатар, ақыл-ойының да дамуына көп көңіл бөлген. Сол себепті де ақыл-ойды дамытатын осындай ойын түрін ойлап тапқан.

Қазіргі таңда тоғызқұмалақ зияткерлік спорт ойыны ретінде елімізде жақсы дамып келеді. Тек біздің елде ғана емес, әлем халықтарының арасында да тоғызқұмалаққа

